

**Қазан жалпы орта білім беру мектебі бойынша  
қамқоршылық кеңесінің  
№ 1 хаттамасы**

31 тамыз 2022 жыл

**Төрағасы:** Байбакирова Қымбат  
**Хатшы:** Серикбаева Гульмира Касенғалиевна  
**Қатысқандар:** 12

**Күн тәртібінде:**

1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасын сайлау
2. 2022-2023 оқу жылының басталуы туралы
3. «Мектепке жол» акциясы барысында аз қамтылған, көп балалы отбасыларға көмек көрсету.
4. Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы.

**1. Тыңдалды: Қамқоршылық кеңесінің төрағасын сайлау**

**1. Сөйледі:** Кулетов М.К. – ардагерлер кеңесінің төрағасы, кеңес мүшесі Қамқоршылық кеңесінің төрағасын Байбакирова Қымбат сайланды, бір ауыздан дауыс берілді.

**2. Тыңдалды: 2022-2023 оқу жылының басталуы туралы**

**2. Сөйледі:** Күн тәртібінде бірінші мәселе бойынша директор оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Жаксымбетова сөз алып оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы өзгерістерге тоқталды. Алдағы оқу жылының ерекшеліктерінің бірі бала қауіпсіздік мен көрсетілетін қызметтердің сапасына қатысты тәрбие мен оқытуға қойылатын талаптарды күшейту туралы айтып өтті. Оқу-ағарту министрінің 2022-2023 оқу жылын бастау бастау жөніндегі бұйрығы қабылданды. Жаңа оқу жылы 36 оқу аптасынан тұрады. Оқу жылы 1-қыркүйектен басталып, 31 мамырда аяқталады. Жазғы демалыстың ұзақтығы -92 күн. Биылғы жылы барлық мектеп бес күндік жұмыс форматына көшетіндігі туралы айтылды.

**3. Тыңдалды: «Мектепке жол» акциясы барысында аз қамтылған, көп балалы отбасыларға көмек көрсету.**

**3. Сөйледі:** Үшінші мәселе бойынша директор тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Кайдарова «Мектепке жол» акциясы барысында жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталып өтті. Биылғы жылдың 1-тамыздан 30 қыркүйегіне дейінгі аралықта республика бойынша «Мектепке жол» атты қайырымдылық акциясы жүргізілуде. Аталған акцияның мақсаттары: мектеп жасындағы барлық балаларды орта біліммен қамту проблемаларына









жұртшылықтың және тұрғын халықтың назарын аударту, міндетті орта білім алуға барлық азаматтардың құқығын қамтамасыз ету жөніндегі ақпараттық және түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Осы мақсатпен қайырымдылық акцияларына кәсіпкерлерді, шаруа қожалықтарын, демеушілерді ынталандыру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Біздің мектебімізде табысы төмен отбасынан шыққан оқушыларына қолдау көрсету.

#### 4. Тыңдалды: Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы

**4. Сөйледі:** Директор тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Кайдарова 2022-2023 оқу жылы оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы. Тамақтандыруды ұйымдастыру және ыстық тамақпен қамтамасыз ету, тамақтану сапасына мониторинг жүргізу комиссиясын құру туралы директор тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөз сөйледі. 1-11 сынып оқушыларына мектеп асханасында ыстық тамақ ұйымдастырылсын. Жалпыға міндетті білім беру қорынан тегін ыстық тамақпен, жергілікті бюджет негізінде 1-4 сынып оқушыларына тегін ыстық тамақ ұйымдастырылды. Демеушілер тарапынан жеңілдетілген түрде ыстық тамақпен қамтылатын оқушылардың тізімі бекітілді. Оқушылардың тамақтану кестесі, тамақтану кезіндегі мұғалімдердің кезекшілік кестесі құрылып, асханаға азық – түліктің уақытымен жеткізілуі туралы таныстырып өтті. Күн сайын әзірленген тағам түрлеріне сынама жүргізу, азық-түлік өнімдерінің сақтау орны мемлекеттік санитарлық – эпидемиологиялық бақылау орталығы талаптарына сай жинақталуына А.Сейтказина жауапты.

**Шешімі:** Қамқоршылық кеңесінің төрағасын Байбакирова Қымбат бекітілсін; «Мектепке жол» акциясы барысында аз қамтылған, көп балалы отбасыларға көмек көрсету жалғастырылсын; 2022-2023 оқу жылының оқушыларды ыстық тамақпен ұйымдастырылды.

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

Турысбеков М.Ж.   
Кулетов М.К.   
Байбатина Р.   
Нурмуханбетова Г.Ж.   
Идрисов Қ.Ш.   
Оразбаева Б.   
Тулкин М.К.   
Кайдарова Ш.   
Серикбаева Г. 